

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 20 мамыр N 409. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.08.19. N 1268 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 10 қаңтардағы N 1108 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақ ССР-нің Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 9 қыркүйектегі N 567 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, N 18, 101-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 20 мамырдағы
N 409 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі туралы

Ереже

I. Жалпы ереже

1. Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтаудың мемлекеттік басқару органы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тікелей бағынады.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі өзіне

ведомстволық бағыныстағы мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен және жергілікті әкімшіліктің жанындағы денсаулық сақтау органдарымен және мекемелерімен, сондай-ақ ведомстволық медициналық-санитарлық қызметпен бірге медициналық көмек ұйымдастыру, халықтың денсаулық жағдайы мен республиканың санитарлық-эпидемиологиялық саулығын басқару және бақылау жүйесін құрады.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының министрліктерімен және ведомстволарымен, сондай-ақ мемлекеттік емес құрылымдармен бірге Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын қорғауға және республика аумағында денсаулық сақтау жүйесі мен санитарлық-эпидемиологиялық саулықты дамытуға жауап береді.

II. Мақсаттары мен міндеттері

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу, ғылыми негіздеу және оның орындалуын бақылау;

барлық меншік нысанындағы денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің медициналық көмек ұйымдастыру, оның ішінде, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті аналар мен балаларға, ауылдағы денсаулық сақтау және экологиялық апат аймақтары мен төтенше жағдайларға медициналық көмекті жетілдіру, халықты және емдеу профилактика мекемелерін дәрі-дәрмекпен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

денсаулық сақтауды басқарудың құрылымын сараптық талдау және болжау жүйесін құра отырып, сапаны дамытудың басым бағыттарына сәйкес жетілдіру;

медицина ғылымының негізгі бағыттарын дамыту, ғылыми-зерттеу мекемелерінің желілерін, құрылымдарын және жоғары білікті мамандар даярлауды жетілдіру, ғылыми әзірлемелерді денсаулық сақтаудың практикасына енгізудің нәтижесін әдістемелік қамтамасыз ету;

денсаулық сақтауды басқарудың, азаматтарды медициналық сақтандыру жүйесінің, медицинадағы көп укладтылықты дамытудың, мемлекет иелігінен алудың, жекешелендірудің, саладағы басқаруды орталықтандырудан шығарудың экономикалық әдістерін әзірлеу, енгізу және жетілдіру;

денсаулық сақтау, медицина ғылымы және оқу орындары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру;

республикадағы медицина кадрларын даярлау мен қайта даярлаудың жүйесін әзірлеу, ұйымдастыру және жетілдіру;

республика аумағында санитарлық-эпидемиологиялық саулықты және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметке біркелкі келуді жасау және жетілдіру;

республика аумағын карантин ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғауды, шет елден сатып алынған өнімдерді жөнелту мен өткізуге санитарлық бақылауды ұйымдастыру;

республиканың ведомстволық санитарлық қадағалау объектілеріндегі санитарлық-эпидемиологиялық саулықты қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

ведомстволық санитарлық-медициналық қызметтің жұмысына жедел басшылық пен бақылауды жүзеге асыру;

денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын дамыту жөніндегі ұсыныстар әзірлеу, мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және басқа құрылымдармен бірлесіп, дәрі-дәрмектер, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникалар шығару жөніндегі өндірісті әзірлеу және ұйымдастыру;

мемлекеттік фармакопияны ұйымдастыру, дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасы мен стандартына бақылау жүргізу;

республика аумағындағы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар шығарған медициналық техникалардың жаңа бұйымдарына техникалық сынақ жүргізуге қатысу;

медициналық-статистикалық және ғылыми-ақпараттардың біртұтас жүйесін әзірлеу және ұйымдастыру, есептеу, есеп беру құжаттамаларын жетілдіру;

курорттық ресурстарды игеру және санитарлық-курорттық істі жетілдіру; денсаулық сақтау қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

халық денсаулығын қорғау саласындағы қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметін қалыптастыруға жәрдемдесу, қолдау білдіру және көтермелеу;

мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары органдары үшін ақпараттық және талдау сипатындағы құжаттар дайындау;

денсаулық сақтау саласында, өнеркәсібінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, ЮНИСЕФ-тің басқа халықаралық үкіметтен тыс ұйымдардың жұмысына қатысу болып табылады.

III. Құқықтар мен міндеттер

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің мынадай құқықтары мен міндеттері бар:

денсаулық сақтау саласындағы біртұтас мемлекеттік саясаттың орындалуын жүзеге асыру және бақылау;

денсаулық қорғау саласындағы заң жобаларын, қаулылар мен басқа да нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу;

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан, кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан меншік нысандарына қарамастан, халықтың денсаулығын қорғау мәселелері жөнінде ақпараттар мен материалдар алу;

денсаулық сақтау органдарының облыстардағы, Алматы мен Ленинск қалаларындағы бастықтарын (меңгерушілерін), ведомстволық медициналық қызмет басшыларын тағайындауды және босатуды қолданылып жүрген заңға сәйкес облыстардың әкімдерімен, ведомстволардың басшыларымен келісу;

ведомстволық бағыныстағы органдардың және облыстар мен Алматы және Ленинск қалаларының денсаулық сақтау жөніндегі қызметін үйлестіру;

халықтың денсаулығын жақсартуға және денсаулық сақтауды дамытуға айрықша үлес қосқан ведомстволық бағыныстағы мекемелердің медициналық қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтар беруге ұсыну; денсаулық сақтаудың ведомстволық бағыныстағы органдары мен мекемелері басшыларының жіберген кателігіне қарай еңбек тәртібіне сәйкес түрлі жазалау шараларын қолдану;

бұйрықтар, ережелер, нұсқаулар басып шығару;

клиникалық және медициналық биологиялық эксперименттер жүргізудің тәртібін белгілеу, диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін қолдану;

ведомстволық бағыныстағы емдеу-профилактикалық мекемелердің ғылыми-зерттеу институттары мен оқу мекемелерінің басшыларын, дәрігерлерді және оқытушыларды аттестациядан өткізу, сондай-ақ бірінші басылымдарын тағайындау және босату;

меншіктің барлық нысандарындағы емдеу-профилактикалық мекемелерінің, медициналық оқу орындары мен медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын аккредиттеуге қатысу;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің белгіленген тәртіп бойынша берген құқыны байланысты өз қарауындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін иеленіп, пайдалануды және басқаруды жүзеге асырады;

ведомстволық бағыныстағы медициналық, ғылыми және оқу орындарын республиканың заңдарына сәйкес, белгіленген тәртіппен ұйымдастыру, қайта ұйымдастыру, жою;

мамандарға біліктілік талабын, нострфикациялау тәртібін, медициналық кадрларды даярлаумен шұғылданатын жоғары және арнаулы медициналық оқу

орындары мен мекемелерінің типтік оқу бағдарламалары мен жоспарларын
ә з і р л е у ;

халықтың денсаулығын сақтау мәселелері жөнінде халықаралық деңгейде
Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру;

халықтың денсаулығын қорғау және денсаулық сақтауды дамыту саласында
ұлттық және халықаралық тәжірибені жинақтау және тарату;

шет ел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен ақпарат және
мамандар алмасуды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен "Қазақстан
Республикасының кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң
күші бар Жарлығына сәйкес кеден мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау.<*

>

Ескерту. 6-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің
1996.04.29. N 520 қаулысымен. P960520_

ІҮ. Басқару және құрылым

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігін Қазақстан
Республикасының Жоғарғы Кеңесі тағайындайтын және бекітетін Министр
б а с қ а р а д ы .

Министрдің орынбасарларын Денсаулық сақтау министрінің ұсынуымен
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

Министр орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының
арасындағы міндеттерді бөлуді Министр жүргізеді.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі:

министрліктің қызметін басқарады;

министрлікке жүктелген мақсаттар мен міндеттердің орындалуы үшін тікелей
ж а у а п б е р е д і ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды
және жұмыстан босатады, көтермелеу шаралары және тәртіптік жазаларын
қ о л д а н а д ы ;

Денсаулық сақтау министрлігіне бөлінген бюджеттік қаржының жұмсалуына
бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес
о н ы ң м ү л к і н е и е л і к е т е д і .

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі министрліктің
құзыры шегінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының
негізінде және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларының,
Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімдерінің орындалуы үшін
б ұ й р ы қ т а н ш ы ғ а р а д ы .

10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінде консультативті кеңесші орган ретінде құрамында Министр (төраға) және Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. Алқа мүшелерін және олардың санын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің алқасы денсаулық сақтауды дамытудың негізгі мәселелерін және министрлік қызметінің басқа да жақтарын қарайды, денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің қызмет мәселелерін талқылайды.

Министр мен алқаның арасында келіспеушілік туындаған жағдайда министр туындаған келіспеушіліктер туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне баяндап, өз шешімін жүзеге асырады, ал алқа мүшелері өз кезегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне өз пікірлерін хабарлай алады.

12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Кеңес құрамы министрліктің жауапты қызметкерлерінен, сондай-ақ саланың ғалымдары мен мамандарынан құралады. Ғылыми-техникалық кеңес туралы Ережені министр бекітеді.

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі сараптау комиссиясын құрады. Сараптау комиссиясы туралы Ережені Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бекітеді.

14. Министрліктің орталық аппараты белгіленген адам саны мен еңбекке ақы төлеу шегінде штаттық кестесін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бекітеді. < * >

Ескерту. 14-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.02.06.N 115 қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі заңды ұйым болып табылады, банкте есеп айырысу, ағымдағы валюталық және басқа шоты, жеке мүлкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқауларды және басқа нормативтік актілерді бекітетін бұйрықтары ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, денсаулық сақтаудың барлық органдары мен мекемелері үшін міндетті.